

Білім саласы .Шығармашылық .Қарапайым математика .

Тақырыбы. Ұстаз –мектептің жүрегі

Мақсаты:Ұстаздың адам өмірінде алатын орны зор екендігін ,ұстаздарды құрметтеу ,сыйлау және қадірлеу қасиеттерін балалардың бойына дарыту .

Көрнекілігі .Ұстаздар туралы нақыл сөздер ,кітаптар ,буклеттер .

№	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі .
Қызмет Кезеңі .	<p>Тәрбиеші .Қайырлы кун құрметті әріптестер .Бүгінгі ұстаздар мерекесіне орай өткелі отырған «Ұстаз –мектептің жүрегі « атты ұйымдастырылған ашық оқу қызметін бастауға рұхсат етіңіздер .</p> <p>Балалар орындарынан тұрып әнұранды орындады .</p> <p>Шаттық шенберін айтады .</p> <p>Қайырлы күн досым .</p> <p>Қайырлы күн болсын</p> <p>Сейсенбінің сәті .</p> <p>Сәттілікке толсын</p> <p>Біздің алар бағамыз.</p> <p>Кілең бестік болсын</p> <p>Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі .Ол мектептің де ,қоғамныңда ғылымныңда,ұлттыңда ,адамгершілік пен нағыз жанды өкілі .Оған нақты дәлел көркем жүйелі сөйлеу керек .</p> <p>Елбасымыздың тікелей жолдауымен еліміздегі ең жоғары марапат Қазақстанның Еңбек Ері атағы мен «Алтын жұлдыз» белгісі «Отан» ордені алғаш мұғалімдерге берілді .Осы ретте МҰҒАЛІМ деген сөзді талдап көрейік .</p> <p>М-мейірімді</p> <p>Ұ-ұлағатты</p> <p>Ғ-ғазиз</p> <p>А-ақылшы</p>	<p>Балалар сәлемдесті .</p> <p>Балалар ән ұранды айтты .</p> <p>Шаттық шенберін жасады .</p>

	<p>Л-лайықты Г-іскер М-маман . Балалрдың ұстаздарға арнаған жаттауы . Айбибі . Таңмен тұрып таласа Балабақшаға барамын Балабақша өз үйім Ойнап-асыр саламын . Айда . Апайлардың айтқанын. Ойыма мен түйемін . Тәрбиеші апайға. Басымды мен иемін . Нұрай . Апайларым ол жерде . Үйретеді өнерді . Ойым дамып бұл күнде . Санам өсіп ,көгерді .</p> <p>Балалар қазақтың тұңғыш ұстазы кім екенін білесіңдерме . Алтынсарин ағартушы балаларға таза ана тілін үйрету арқылы халықтың бай тілін меңгеріп,бізді өнер білімге бастаушы .Алтынсарин қазақ халқын оқу білімге шақырып ,қараңғылықтағы еліне білімнің жарық сәулесін таратты ,1864-жылы мектеп ашты .Сол жылдан бері осы күнге дейін 159 жыл бойы бала өміріне жауапты маманлықты таңдаған аяулы ұстаздарымыз тынбай еңбек етуде . Ақырын жүріп анық бас , Еңбегің кетпес далаға , Ұстаздық еткен жалықпас , Үйретуден балаға .—деп Абай атамыз айтқандай шәкіртерінің өзінен озғанын қалаған ұстаздар қауымы мерекелеріңіз құтты болсын .</p>	<p>Балалар тақпақтарын айтты .</p>
--	---	------------------------------------

<p>Мотивациялық қозғаушылық .</p>	<p>Балаларды үш топқа бөліп жұмыс жасаймыз .</p> <p>1-топқа тустерді ажырату .</p> <p>2—топқа гүл жапсыру .</p> <p>3—топқа шеберлікті шыңдау .</p> <p>Біздің ұлағатты ұстаздарымызға қанша теңеу айтсақта көптік етпес ,сондықтан ұстаздарға арналған 10-таңдаулы қанатты сөздермен оқу қызметін аяқтасақ .</p> <p>1.Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан .А.Құнанбай .</p> <p>2.Ұстаздық –ұлық емес ,ұлы қызмет .Б,Момышұлы .</p> <p>3.Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен артық .өйткені мұғалім мектептің жүрегі .Ы.Алтынсарин .</p> <p>4,Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде күні бүгінге дейін өзімді шәкірт сезінемін .С.Қожамқұлов .</p> <p>5.Ұстаз болу –өз уақытын аямау ,өзгенің бақытын аялау .Ж,Руссо .</p> <p>6.Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен тарихтағы ең ұлы істің бірі .Ушинский .</p> <p>7.Мұғалімдер зор тұлға ,ол күннің құдіретті сәулесі сияқты .Ушинский .</p> <p>8. Егер мұғалім өн бойына өз ісіне шәкіртіне деген сүйіспеншілікпен жинақтаса ол нағыз –ұстаз .Л,Толстой .</p> <p>9.Мектептің жаны мұғалім .Мұғалім қандай болса мектеп сондай болмақшы Яғни мұғалім білімді болса ,ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады .Ең әуелі мектепке керегі білімді педагогика, методикадан хабарлар ,жақсы</p>	<p>Балалар үш топқа бөлініп жұмыс жасады .</p>
--	--	--

<p>Ұйымдастыру Іздестіру .</p>	<p>оқыта білетін білімді мұғалім .А.Байтұрсынов . 10.Жай мұғалім хабарлайды . Жақсы мұғалім түсіндіреді . Керемет мұғалім көрсетеді . Ұлы мұғалім шабыттандырады . Күллі өмірін жеткіншекке арнаған Мұғалімді ардақтайды барша жан . Ол мектептен шықпаса да қысжазы Жемісі оның ,жердің жүзін шарлаған – деп бүгінгі ұйымдатырылған ашық оқу қызметін аяқтаймын .</p>	
<p>Рефлексиялық Түзетушілік .</p>		<p>Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау</p>

Күтілетін нәтижелер .

Біледі . ұстаздарды сыйлауды біледі .

Игереді .Ұстаздарды сыйлауды ,өмірде олардың алатын орны зор екенін .

Менгерді:Мұғалімдерді екінші анасындай сыйлауды ,қадірлеуді менгерді .